Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша мектепалды сыныбының 2022-2023 оқу жылындағы өткізгенбастапқы диагностикасының сараптамасы

Тәрбиеші: Керейбаева Айжан

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) (бұдан әрі - Стандарт);
- Үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді.Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен

дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты-Стандарт пен мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау.

Аталған әдістемелік ұсынымдар балалардың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеруіне мониторинг жүргізуде педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында әзірленді.

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады: «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі».

Күтілетін нәтиже:

- МДҰ-да педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді;
- баланың даму динамикасын бақылауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

Мониторинг:Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады.

Мониторинг мақсаты:

- баланың жетістіктерін қадағалау;
- балаларды тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілдерді қамтамасыз ету;
- түзету іс-шараларын жедел жоспарлау негізінде білім беру процесін жетілдіру;
- баланың Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау.

Мониторинг педагогтің балаларды күнделікті өмірде үнемі бақылауы және оқытудың белсенді түрлерін өткізу барысында жүзеге асырылады.

Мониторинг міндетті:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту;
- балалардың білім деңгейін жинақтау мен жүйелеу, объективті түрде үздіксіз бақылау;
- мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау;
- балалардың өзгерістерін уақытында анықтап, оқуға құлшынысын қолдап, дамытатындай етіп жұмыс жүргізу;

Оқу-әдістемелік құрал оқу-тәрбие процесінде балалардың білімдерін зерттеу

Зерттеу: мектепалды сынып 5-6 жастағы балалар

Оқу –әдістемелік құралдың атауы: АЛМАТЫКІТАП 2022жыл

Күтілетін нәтиже:

-МДҰ-да педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

- баланың даму динамикасын бақылауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз етеді.

Мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стнадарты талаптарын;

-Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын;

- Бақылу парға мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;

- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;

- баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін;

- мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін;

- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет.

Мониторингтің ***субъектісі*** мектеп жасына дейінгі 1 жастан 6 жасқа дейінгі балалар.Мониторингтің ***объектісі*** балалардыңжасы мен «Физикалық дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» арқылы іске асырылады.

Стандарт талаптары бала дамының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;

3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгілелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- жағдаяттар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

-бастапқы – қыркүйек;

Бастапқы бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (**қазан** - желтоқсан)

-аралық – қаңтар;

Аралық бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (**ақпан** - сәуір)

-қорытынды– мамыр;

Қорытынды бақылау нәтижелері бойынша дамыту, түзету іс-шаралары (**маусым**-тамыз)

Мониторинг жүргізу ерте жас тобынан басталады. Бастапқы бақылау индикаторлары Бақылау парақтарында берілген *(1 қосымша*). Аралық *(2 қосымша*) және қорытынды *(3 қосымша*) диагностиканың индикаторлары аталған топ үшін Үлгілік бағдарламада анықталған жартыжылдық бойынша күтілетін нәтижелер болып табылады.

Басқа топтар (сыныптар) үшін **Бастапқы** бақылаудың индикаторлары алдыңғы жас топтарының күтілетін нәтижелері (II жартыжылдық) болып табылады. Педагог баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелерін Бақылау парағына енгізеді.

Аралық бақылау I жартыжылдық қорытындысы бойынша жүргізіледі, ол әр баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің динамикасын анықтайды.

Қорытынды бақылау II жартыжылдық соңында өткізіледі, ол Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді.

Әр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады.Содан соң топ (сынып) бойынша Жиынтық есеп жасалады *(4 қосымша)*, ол білім беру ұйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге (оқу-тәрбие ісінің меңгерушісіне) беріледі *(5 қосымша)*.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады *(6 қосымша).* Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда және мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытына жүргізіледі.Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана қолданыла алады:

- баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау (жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру);
- балалар тобымен жұмысты белсендендіру**.**

БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙЛЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау бойынша индикаторлар жүйесі баланың жасына сәйкес әр білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелерден тұрады.

Индикаторлар көрсеткіштер ретінде дискрипторлар түрінде кодпен берілген.Мысалы, «3-Ш.3.»Алғашқы жолдағы «3» саны баланың жасын білдіреді, яғни бала 3 жаста. Бас әріппен берілген «Ш» дегеніміз - «Шығармашылық» білім беру саласын білдіреді. Келесі «3» саны «Шығармашылық» білім саласының үшінші бағандағы күтілетін нәтижені білдіреді.Стандартпен белгіленген деңгейлер Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сәйкес:

Баланың даму деңгейі

-Ш деңгей – «жоғары»;

-II деңгей – «орташа»;

- I деңгей – «төмен»

Бақылау парағына білім беру саласының дескрипторының тұсына біліктер мен дағдылардың деңгейі қойылады, олар қосылып, «Жалпы саны» бағанына енгізіледі. Алынған сома дескрипторлар санына бөлінеді де «Орташа деңгей» бағанына қойылады.Біліктер мен дағдылардың даму деңгейінің көрсеткіштері алынған орта деңгей негізінде анықталады және «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» бағанына енгізіледі.

Егер орташа деңгей толық санды көрсетсе, онда сол сан «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» бағанына автоматты түрде көшіріледі. Егер баланың

орташа деңгейі толық емес санды құраса, мысалы, 2,5 кем болса, онда бұл жағдайда II деңгей, егер 2,5 асатын болса – онда III деңгей қойылады. Егер тура 2,5 болса – онда педагог баланың қай деңгейге жеткенін өзі шешеді.

Бақылау парағындағы «Біліктер мен дағдылардың даму деңгейі» көрсеткіштері бағаны негізінде педагог әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін топтың (сыныптың) Жиынтық есебін жасайды. Әрбір баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейі Жиынтық есепте барлық білім беру салаларының деңгейлері қосу арқылы анықталып, алынған сома білім беру салалары санына бөлінеді.

Біліктер мен дағдылардың даму деңгейін есептеу Бақылау парағы сияқты жүргізіледі.Диагностика нәтижелері бойынша педагог балалардың үлесін есептейді:

- I даму деңгейі (төмен деңгейге баламалы),%;

- II даму деңгейі (орташа деңгейге баламалы);

- III даму деңгейі (жоғары деңгейге баламалы).

Төмен, орташа және жоғары деңгейдегі балалардың үлесін есептеу үшін келесі белгілер қолданылады.

А – барлық бала саны;

Б – төмен деңгейдегі бала саны (I деңгей)**;**

В – орташа деңгейдегі бала саны (II деңгей);

Г – жоғары деңгейдегі бала саны (III деңгей).

Балалардың % (пайыздық) үлесін анықтау үшін мысалы, төмен деңгейдегі балалар санын топтағы (сынып) барлық бала санына бөліп, 100 көбейту қажет немесе Б:А*100.

Сондай-ақ орташа және жоғары деңгейдегі бала саны да осылайша есептеледі. Осылайша, баланың қалыптасқан білік пен дағдыларының даму деңгейі мектепке дейінгі ұйым түлегінің моделін құрайды:

1) физикалық жағынан дамыған**;**

2) білімқұмарлық;

3) белсенді;

4) эмоционалды елгезек;

5) ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас құралдары пен тәсілдерді меңгерген;

6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (ел), әлем және табиғат жайында алғашқы түсінігі бар;

7) мектепте оқу үшін қажетті біліктер мен дағдыларын меңгерген.

Мониторингтің ***объектісі*** балалардың жасы мен **құзыреттіліктер** арқылы іске асырылады.«Физикалық дамыту»,«Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» арқылы іске асырылады,әр дағдының **бастапқы** диагностика сараптамасы.

I. Оқу-тәрбие процесінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бақылауы мен индикаторлар жүйесі бойынша «Физикалық дамыту» **құзыреттіліктері**

Бастапқы диагностика сараптамасы

«Физикалық дамыту» **86%**

I деңгей-14%

II деңгей-43%

III деңгей-43%

Жоғары деңгей көрсеткен 6 балалар,барлық қимыл қозғалыстардың ережелерін біледі, балаларды өз әрекеттерін өздері талдап, сипаттауға сұрақтарға жауап беруі өте жақсы, қателіктерін түзей алады. Дене сымбатын қалыптастыру үшін тартылу, түзелу, отырып тұру, еңкейю, төбеге салмақ қойып, теңдік сақтау сияқты жатттығуларды толық меңгере алады.

II. Оқу-тәрбие процесінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бақылауы мен индикаторлар жүйесі бойынша

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» **құзыреттіліктері**

Бастапқы диагностика сараптамасы

«Коммуникативтік дағдыларды дамыту» **86%**

I деңгей-14%

II деңгей-43%

III деңгей-43%

Жоғары деңгейді көрсеткен 6 балалар , толық жауап беруді біледі. Жаттау қабілеттері жылдам.Ортаңғы деңгей көрсеткен балалар құрбыларына қарағанда төмен дәрежені көрсетті. Олар Отан, Туған жер, отбасы туралы түсініктері бар,бірақ тақпақтарды жаттай алмайды,яғни есте сақтау қабілеттері орташа сонымен бірге тіл байлықтары өте төмен,сұрақтарға жауап беруі жақсы. Тапсырмаларды жүйелі орындауы орташа.Сөздер арасындағы дыбыстарды және жай сөздерді анық, дұрыс айта алмайды. Төмен денгейді көрсеткен балалардың тілдері толық дамымаған, жұмыс жүргізіліп жатыр.

III. Оқу-тәрбие процесінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бақылауы мен индикаторлар жүйесі бойынша

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту»**құзыреттіліктері**

Бастапқы диагностика сараптамасы

«Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» **86%**

I деңгей-14%

II деңгей-43%

III деңгей-43%

Жоғарғы денгейді көрсеткен балалар бар, ойлау қабілеттері жоғары әрі шапшаң, тапсырмаларды толық әрі нақты орындай алады. Жалпы балалар биік-аласа, үлкен-кіші, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке туралы ұғымдары туралы түсініктері өте жоғары, заттарды кеңістікте орналасуын тәрбиеші көмегінсіз ажыратады, заттардың санына

қарай салыстыруда да тәрбиеші көмегінсіз орындай алады, түстерді нақты ажырада алады,сондықтанда жоғары деңгей көрсетіп отырмыз.Ал,төмен деңгейде болған балалармен болашақта көп жұмыс жасаймыз,білім стандартына сай.

IY.Оқу-тәрбие процесінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бақылауы мен индикаторлар жүйесі бойынша

«Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы» **құзыреттіліктері**

Бастапқы диагностика сараптамасы

«Шығармашылық дағдыларының, зерттеу іс-әрекетінің дамуы » **86%**

I деңгей-14%
II деңгей-43%
III деңгей-43%

Балалардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде шығармашылық жұмыстарға қызыға ат салысады, жұмыс жасау жүиелігі мен реттілігі өте жоғары. Затқа қарап сурет салу, белгілі бір сәндік заттарды жапсыру, сюжеттік мүсіндеу жұмыстарына қызығушылық танытады. Баланың эстетикалық және өнегелі қалыптасуында музыкалық тәрбиенің орны ерекше. Төмен деңгейде болған балалардың орындаушылық әрекеті жоғары көрсеткішке лайық емес.

Y. Оқу-тәрбие процесінде біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бақылауы мен индикаторлар жүйесі бойынша

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» **құзыреттіліктері**

Бастапқы диагностика сараптамасы

«Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру » **86 %**

I деңгей-14%
II деңгей-43%
III деңгей-43%

6 балалар өз ойларымен орындай алады.Орта деңгей көрсеткен балалар сұрақтарға жауап беруде тәрбиеші көмегін қажет етті және кейбір сұрақтарға толық жауап қайтара алмады.Төмен деңгей көрсеткен балалар сұрақтарға дұрыс жауап бермеді.

Мектепалды даярлық тобындағы балалардың білік білім деңгейін тексерудегі диагностика қорытындысы бойынша толық меңгерулері өте жақсы.Ал енді жас ерекшеліктеріне байланысты 5-6 жастағы балалардың даму сапасы өз деңгейінде. Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру бойынша білім беру саласы, бағдарлама тараулары арқылы ақыл-ой, тіл танымдылығының көркемдік-сұлулық, әлеуметтік және тұлға ретінде даму мақсаттарында жұмыс жүргізілді.